

БӨЛІМ: ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАР

Learning Study - оқытуды зерттеу әдісі

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.05.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/153022/

Learning Study шығу тарихы

Learning Study, зерттеудің жеке түрі және білім берудегі тәсіл ретінде 20-ғасырдың 90-шы жылдарының соңында пайда болды, бұл кезде зерттеушілер мұғалімдердің оқушылардың пәндік білімді игеру динамикасына тікелей әсер ететін оқытуда мәселелер бар екеніне назар аудара бастады. Бұл Lesson Study зерттеу процесінде бақылаулар жүргізу барысында анықталды.

Зерттеудің бұл түріне Жапония мен Қытай зерттеуші ғалымдары бастамашылық етті, зерттеудің бұл түрі Гонконгта, Швецияда және Брунейде ерекше таралды. Қазіргі уақытта зерттеудің бұл түрі әлемде Lesson Study және Action Research ретінде кеңінен қолданылмайды.

Ло Мун Лин және Ференс Мартон сияқты Гонконг зерттеушілерінің айтуынша, Learning Study мен LessonStudy арасындағы басты айырмашылық- оқыту мен оқудағы мәселелерді зерттеуге бағытталған зерттеу болып табылады. Ғалымдар былай деп санайды: “оқыту туралы үйрету керек нәрсені ескермей айту мүмкін емес, деген мен сабақ жағдайында мұғалім әрдайым нақты оқу объектілерін басшылыққа алуға міндетті”, Eric C.K. Cheng, LoMunLing (2016).

Learning Study зерттеуінің нақты объектілеріне пән бойынша бағдарламалық мазмұн және мұғалімдердің пәндік білімін меңгеру деңгейі жатады.

Вариациялар теориясы

Кейде зерттеушілер learning Study жапон зерттеуінің гибриді түрі LessonStudy және оқыту теориялары мен вариация теориясына негізделген эксперименттік дизайн деп атайды.

Вариациялар теориясы оқушының көзқарасы бойынша оқуды зерттеуге бағытталған және зерттеуге феноменологиялық көзқарасқа негізделген (тәжірибе құбылыс ретінде) феноменология негізінде пайда болды. Бұл теорияның ең маңызды идеясы оқыту тану функциясы болып табылады және ол, өз кезегінде, вариация функциясы болып табылады (мүмкіндік; нұсқа)

Тақырыптың әртүрлі белгілеріне назар аудару таңдалған объектінің әртүрлі мәндерін білуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, басты назар немесе тану әдісі өзгерген кезде таңдалған тақырыптың мағынасы да өзгереді, бұл объектіні көрудің жаңа перспективаларын береді.

Осылайша, зерттеу процесі вариацияның 3 түріне негізделуі мүмкін:

1. Оқушылардың зерттеу объектісін түсінудегі вариация (меңгеру қиын тақырыптар)
2. Зерттеу объектісін түсінудегі вариация (игеру қиын тақырып) мұғалімнің өзі және оның қиындықтарды жеңу тәсілі туралы көзқарасы
3. Вариацияларды педагогикалық дизайнның негізгі қағидаты ретінде қолдану

Learning Study, оқытуды зерттеуді және процесті қалай жүзеге асыруға болады?

Алдымен мектеп пен мұғалімдердің зерттеу процесіне қатысуға дайындығы және мектеп әкімшілігінің зерттеу процесін ұйымдастыруға және осы процеске мұғалімдердің қатысуын қолдауға дайындығы өз дәрежесінде болуы тиіс.

Ал зерттеу процесі жүйелі және тұрақты болуы керек.

Бірлескен кәсіби мәдениетті дамыту үшін мұғалімдер өткізілген сабақтарды бірлесіп жоспарлап, сабақта бақылау жүргізіп және оны сабақтан соң талқылау қажет. Жоспарлау және талқылау барысында зерттеу мақсатына сәйкес пәндік және ғылыми терминология қолданылады.

Зерттеу теориясы (оқыту теориялары және вариация теориясы) тек бірлескен оқытуды талдауға негіз болуы керек.

Оқытуды зерттеудің басты сұрағы әрдайым «Оқушыларды осы тақырыпты үйренуге ең жақсы мүмкіндік болатындай етіп осындай тақырыпты қалай үйретуге болады?» болып табылады. Мұғалімдер пәндік тақырыптарды түсінудегі оқушылардың мәселелері мен олқылықтарын, нысандар арасындағы алшақтықтарды анықтай алуы керек.

Зерттеу процесінің әсер ету индикаторлары:

— мұғалімдер оқушылардың оқудағы әлеуетін шектемеуі үшін оқушылардың мүмкіндіктері мен дағдыларын әртүрлі пәндерге ауыстыру

— топтық жұмыстың пәндік білімі мен дағдыларын арттыру

— оқушылардың қажеттіліктері мен әлеуетін анықтай білу

— мұғалімдердің оқу мүмкіндіктерін бағалау қабілеті

Табысты зерттеу процесінің маңызды шарты білім беру мен оқытудың талаптарын, шарттары мен мүмкіндіктерін бірдей түсіну болып табылады

Learning Study(лөнин стади) зерттеуін ұйымдастыру мен жүргізудің мүмкін принциптеріне еріктілік принципі,қызығушылық принципі, жүйелілік принципі, сыни қолдау принципі,. жауапкершілік принципі, икемділік принципі,өзін-өзі көрсетупринципі және белсенділік принциптері жатады

Мұғалім әдісті түсінудің қиындығына, оның уақытша орындалуы мен тиімділігіне және өз тәжірибесіне сүйене отырып, бақылаудың 3 әдісін ұсына алады, яғни таңдалған әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктерін беруге болады. Тікелей бақылау әдісі (сабақта); уақыт сегменттері бойынша қызметті бақылау; транскрипция әдісі.

Мүмкін-зерттеу әдістері:

1. **сабақтағы тікелей бақылау әдісі** — бақылаушы сабақта оқудың қалай өтетінін жазып, жазбалар жүргізеді; негізгі бақылау -проблемалық тақырып; оқушылардың материалды жеткізуге және тақырыпты игеруге арналған тапсырмалардың түрлеріне реакциясы қандай болғандығын бақылайды;
2. **уақыт бойынша қызметті бақылау**-бақылаушылар бақылау үшін уақыт сегменттерін анықтайды; бақылаушылардың саны тең және кемінде 2 адам болуы керек: кейбіреулері мұғалімнің оқытуы мен әрекеттерін бақылайды, ал басқалары оқушылар мен олардың әрекеттерін сол уақыт аралығында бақылайды;
3. **транскрипция әдісі арқылы бақылау дегеніміз**-сабақ процесін егжей-тегжейлі жазуды көздейтін сабақтың егжей-тегжейлі функциясын құруды қамтиды; бақылаушылар мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетінің егжей-тегжейін жазып, кезек-кезек хаттама жүргізетін 2 топқа бөлінуі мүмкін.

Таңдалған әдіске қарамастан, бақылау нәтижелері әрбір зерттеу сабағынан кейін талқыланады; бақылаушылар бақылаудың мәселелері, олқылықтары және басқа аспектілері бойынша қорытынды жасайды; тақырып мазмұны, оқыту және оқыту тәсілдері бойынша ұсыныстар береді.

Learning Study вариация түрі және бақылау кезеңдері

Гонконгтың халықаралық зерттеушілері қолданған вариация теориясына негізделген вариациялық зерттеу циклдерінің 3 түрін және зерттеу жүргізудің мүмкін кезеңдер схемасын ұсынған.

1-ВАРИАЦИЯ — оқушылардың зерттеу объектісін түсінуі

1 кезең-оқудағы қиындықтарды диагностикалау

2 кезең-сабақты оқыту және бақылау

3 кезең-Оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау

ВАРИАЦИЯ 2-мұғалімнің зерттеу объектісін түсінуі және нәтижеге жету/мәселені шешу жолдары

1 кезең-тақырыпты таңдау

2 кезең-зерттеу объектісін анықтау

3 кезең-зерттеу сабағын жоспарлау

4 кезең-сабақты оқыту және бақылау

5 кезең-оқушылардың жалпы бағасы

6 кезең-есеп беру; тәжірибені тарату

ВАРИАЦИЯ 3-вариацияларды педагогикалық дизайнның негізгі принципі ретінде қолдану

1 кезең-зерттеу сабағын жоспарлау

2 кезең-сабақты оқыту және бақылау

LearningStudy(ленин стади)зерттеуінде бақылау циклін жүргізудің мүмкін кезеңдері

Зерттеу жүргізушілерге бақыланатын мұғалім және бақылаушы мұғалімдер және зерттеу нысаны жатады. Зерттеу нысанына сабақтағы түсінуі қиын тақырып бойынша , мұғалімнен күтілетін нәтижеге ақпараттарды тұжырымдауы, тапсырмалар түрлері, нұсқаулық тілін қолданылуы талданады, талдаудан соң мұғалім тақырыпты түсіндіруді жақсартады. Бақыланатын мұғалім дегеніміз оқыту мен оқуда қиындықтарға тап болған мұғалім. Зерттеу нәтижесінде мұғалім мәселелерді анықтайды , талдайды , бақылаушы мұғалімдерден ұсыныстарды қабылдайды және жақсарту бойынша ұсыныстарды қолданады. Нәтижесінде өзіне өзі рефлексия жүргізеді.

Өз кезегінде бақылаушы мұғалімдер пән бойынша сарапшы мұғалім немесе зерттеу бойынша сарапшы мұғалім болуы тиіс . Олардан күтілетін нәтижеге зерттеу циклі кезінде оқыту мен оқуды бақылайды. Сабақтағы мәселелерді немесе олқылықтарды анықтайды. Сабақ өткен мұғалімге ұсыныстар мен кеңестер береді.Келесі сабақтарда мұғалімнің ұсынымдарды ұолдануын бақылау арқылы жақсарту процесі туралы рефлексия ұсынады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.